Білімдіге дүние жарық. Таным білу қуанышы: сүйсініп оғу

Сабақтың мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. ата-аналардың отбасында оқушы үшін психологиялық қолайлы орта құруға ынталандыру.
2. баланың мектепке бейімделуін мәні мен ерекшеліктерімен таныстыру
3. бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларының ерекшеліктерімен таныстыру
4. баланың танымдық дағдыларын дамыту үшін диагностикалық тренингтерді жеттіруге дайында практикада қолдану дағдыларын дамыту

Жоспар

I. Сөлемдесу. Сабақтың мақсаты мен міндеттері.

II. Тегізгі бөлігі.

1. Баланың жеке басын дамыту үшін мектепке бейімделуінің маңыздылығы (физисологиялық, психологиялық және әлеуметтік)

а) Бейімделу түрлері.

б) Ата-аналардың сабаққа бейімделуі мен кейін диагностикалау

с) Балаларды диагностикалау бойынша ұсыныстар.

2. Баланың когнитивтік дағдыларын дамытудағы ата-ананың рөлі

а) Ата-аналардың когнитивтік (танымдық) қабілеттерінің даму деңгейін диагностикалау

б) Бастауыш сынып оқушыларындағы когнитивтік дағдылардың ерекше іктері

с) Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қары-қатынас жасауын дамытуға арналған тренингтер бойынша ұсыныс.

3. Проблемалық ахуал «Үй тапсырмасын орындау»

а) бейнероликті карау;

б) сұрақтарды топтарда талқылау;

с) аудиторияда талқылау және чек-парағын әзірлеу.

III. Қорытынды. Қорытындылау, рефлексия.

Уақыты	Мазмұны	Ресурстар
2 мин	Сәлеметсіздер ме, құрметті досар Ата-аналарды қолдау орталығындағы сабақтар – ата-аналардың өміріндегі жана кезең. Сіздер де балаларыңыз сияқты оғуды енді бастадыңыздар. Бұл сіздердің екінші сабақтарыңыз және бүгін сіздерден сұрағым келеді: сізде о сүйсініп оқисыздар ма?	1-лайд
5 мин	Сіздер қазір «бірінші сынып оқушыларысыздар» және сіздер де бейімделу кезеңі өтіп жатыр. Бүгін сіздерді үлгі ретінде ақын мен сіздердің балаларыңыз сезінетін эмоциялар мен сезімдерді бастап өткеруді ұсыным келеді.	2-лайд
	Ата-аналармен Ортадағы сабақтардан не сезінгендерін сөзіндіктерімен қорытындыларды талқылау	3-лайд
	Бүгін сабақта қандай ұғым қандай қысқартарды жетуге ұрамын?	Флипчарт,
	Бірінші сабақта қандай сезімде болдыңыздар?	маркер
	Сіздерде қандай қорқаныш болды?	тақта, бор
	Ата-аналар атайтын қысқартарды флипчартқа бейімдеу түрлерінебөліп физикалық, әлеуметтік, психологиялық	Ата-аналар ай ады,
	Бастаға жауу барлық жауаптар жазылғаннан кейін сәйкесінше	оқушы

4-слайд. Бейімделу – маңыздылығы бірдей үш компоненттен тұратын кешен.

Физиологиялық бейімделу баланың біртіндеп кестені жүктемесіне машықтанып, үйренгенін білдіреді. Бірінші сынып оқушыларының көпшілігіне динамикалық жүктемені статикалық жүктемеге ауысу оңай емес. Оқушыға 30–45 минут сабақта тыныш отыру, арқасын тік ұстау, мұғалімді тыңдау, тапсырмаларды орындау міндеті қойылады. Мұның бәрі физиологиялық дайындықтың жоғары деңгейін талап етеді. Осындай режимге ауысу үшін баланың ағзасына уақыт қажет. Оқу жылының басында бірінші сынып оқушылары жиі ауырады, өйткені олардың ағзасы физиологиялық бейімделудің қиын міндетін жеңе алмайды.

Әлеуметтік бейімделу баланың тыңдау, мұғалімнің сөздеріне барабар жауап қайтару, тапсырмаларды өз бетінше орындау ептіліктерінің болуын болжайды. Ол мектеп өмірінің талаптары мен ережелерін түсінуге, мұғалімнің беделін мойындауға, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға үйренеді.

Психологиялық бейімделу. Бұған баланың оқуға деген ұмтылысы, өзінің оқушы ретіндегі ұстанымын қабылдауы, психологиялық жетілудің жоғары деңгейі жатады. Оқуға деген көңіл-күй, мектеп түрткісі, білім алуға дайын болу, күйзеліске төзімділік – мұның бәрін бала психологиялық бейімделу барысында алады.

5 мин

слайд. Топта талқылау

Құрметті ата-аналар, сұрақтарды топтарыңызда талқылауды ұсынамын. Ұсыныстарыңызды сұрақтың астына жазуды өтінемін.

7 мин

1. Сіздер үшін баланың үй тапсырмасын жақсы, уақыттың, өз бетінше орындауы не үшін керек? (ата-аналардың жауаптары)

2. Егер бала үй тапсырмасын орындамаса не болады? (ата-аналардың жауаптары)

3. Бала мен ата-ана арасындағы сабырлы және мейірімді қарым-қатынас немесе ұғ орындалғаны маңызды ма? (ата-аналардың жауаптары)

4. Балаңызға мектепке бейімделуге көмектесу үшін не істеліңіз? (ата-аналардың жауаптары)

Топтың өкілдері өз шешімдерін айтады

Аудиторияда талқылау, нәтижесі ретінде «Сүйеніш оқимыз» чек-парағын әзірлеу

1. **Бақылау.** Үлгерімді қатаң бақылауды қойыңыз. Болдірпей бақылаңыз. Бұл қысым болмауы керек.

8 мин

2. **Жауапкершілік аймағы.** Мектеп өмірінің ең басынан бастап баланың оқу үдерісіне жеке жауапкершілік аймағын айқындап беру қажет. Бала тапсырмаларды өз бетінше орындайды, портфельді өзі жинайды. Сіз тек орындалу фактісін тексере аласыз.

3. **Көмек.** Егер бала сұраса ғана көмектесіңіз. Бұл ретте көмектесу дегеніміз – ол үшін тапсырманы орындау немесе дұрыс жауапты айту емес. Дұрыс шешім қабылдауда интермедиу болуы керек.

Үлестіру

материалдары 3.

Парақшалардағы

сұрақтар

15 – слайд

16 – слайд.

Флипчарт,

маркер

(тақта, бор)

4. **Дербестік.** Дербестік – яғни өз бетімен әрекет ету – бұл бала үйренуі қажет нәрсенің ең бастысы. Өз бетімен істеп алатын жерде балаға көмектесудің қажеті жоқ. Ол неғұрлым көбірек өзі істесе, соғұрлым өзін сенімді сезінеді. Оған қателік жіберуге мүмкіндік беріңіз. Бұл оның жолы, оның тәжірибесі, оларсыз ол жетпейтін, ақылды бола алмайты.

5. **Сенім және қолдау.** Егер бала теріс қылық жасаса да, балалар өздерінің дұрыс емес әрекеттерін жақсы біледі. Сіздер, әрестер алдында оны ешқандай мойындамаса да. Шындығында, олар өздерінің теріс қылықтарынан өздері толықтай зардап шегеді. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз – ұрысу және жазалау емес, баланы қолдау және оған қорытынды жасауға көмектесу.

6. **Жеке кеңістік.** Баланың жеке кеңістігі міндетті түрде болуы керек. Бұл кез-келген тұлғаның табиғи қажеттілігі және оны құрметтеу керек.

7. **Сүйіспеншілік.** Балаңызды жақсы көріңіз. Кез-келген: міні бар ма, жоқ па, күнделікте екісі бар ма, жоқ па, оны қабылданыз, қолданыз. Балаңызды түсінуге тырысыңыз. Оны тыңдаңыз және оның өзіне-өзі келуіне көмектесіңіз.

17 – слайд. Бастауыш сынып оқушысын ынталандыру жағының өзіндік ерекшеліктері бар. Бастауыш сынып оқушысында жетістікке жету ынтасы берітіліп, жеке қасиетке айналады. Бұл екі тұрткімен байланысты – табысқа қол жеткізу және сәтсіздіктерден аулақ болу.

Отбасындағы тәрбие сүйіспеншілікке, тәжірибеге, дәстүрге, балалық шақтағы жеке мысалға, көршілердің кеңестеріне негізделген. Мектептің функцияларына оқушылар мен ата-аналарды ақпараттандыру, қолдау кіреді, өз кезегінде отбасы мектепке ден қойып, көмектеседі. Отбасы мен мектеп бір-бірін толықтырады, балалардың оқуға деген ынтасын арттыру үшін жақсы жағдай жасайды. Бала үшін ең жарқын үлгі – ата-аналар мен мұғалімдердің үлгісі. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің басты шарты – бір-бірінің қызметтерінің функциялары мен мазмұны туралы толық түсініктерінің болуы. Көбінесе отбасы тәрбие эстафетасын мектепке өткізіп беріп, осылайша баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу үдерісінен өзін-өзі алып тастайды. Алайда екі тарап та бір-бірін толық түсініп және бір-біріне өзара көмектесіп, баланың жеке қалыптасуына қатысуы керек.

Отбасы мен білім беру мекемесінің тиімді өзара әрекеті үшін шарттар:

1. Отбасы мен мектептің сенімді қарым-қатынасы, еріктілік;
2. Қарым-қатынастың ұзақ мерзімділігі;
3. Екі жақты жауапкершілік.

5-7 мин

Қорытындылау. Ата-аналар рефлексиясы «Біздің сабақтан кейін мектеп, сабақ туралы сөз бола кетсе, сіз өз баланыңа айтатын алғашқы сөз тіркесін жазуды сұраймыз».

18 – слайд.

Стикерлер

Үлестіру материалы

Ынталандыруды айқындау әлістемесі (А.Г.Дусканова бойынша)

Нұсқаулық: «Әуелі сұрақты және оған берілетін жауаптың үш нұсқасын оқып алыңыз, содан соң сіздің пікіріңізді білдіретін үш жауаптың біреуін таңдаңыз»

Сауалнама сұрақтары:

1. Сізге «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» сабақтарына қатысу ұнай ма?

- а) иә – 3;
- б) онша емес – 1;
- в) жоқ – 0.

2. Сабақтарға сіз үнемі қуана барасыз ба, әлде жиі үйде қалғыңыз келе ме?

- а) қуана барам – 3;
- б) әртүрлі болады – 1;
- в) жиі үйде қалғым келеді – 0.

3. Егер ертең барлық ата-аналарға сабаққа келу міндетті емес десе, сіз сабаққа баратын ба едіңіз, әлде үйде қаласыз ба?

- а) баратын едім – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) үйде қалатын едім – 0.

4. Сабақ болмайды деген сізге ұнай ма?

- а) ұнамайды – 3;
- б) әртүрлі болады – 1;
- в) ұнайды – 0.

5. Сізге сияқандай тапсырма бермегенін қалайсыз ба?

- а) қыламаймын – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) қалаймын – 0.

6. Сабақтар тек онлайн болғанды қалайсыз ба?

- а) жоқ – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) қалаймын – 0.

7. Туыстарыңызға және достарыңызға сабақ туралы жиі айтасыз ба?

- а) жиі – 3;
- б) сирек – 1;
- в) айтпаймын – 0.

8. Педагогтің орнында болуды қалайсыз ба?

- а) маған біздің мұғалім ұнайды – 3;
- б) нақты білмеймін – 1;
- в) қалайтын едім – 0.

9. Топта сіздің достарыңыз көп бе?

- а) көп – 3;
- б) аз – 1;
- в) достарым жоқ – 0.

10. Сіздің топтастарыңыз сізге ұнай ма?

- а) ұнайды – 3;
- б) онша ұнамайды – 1;
- в) ұнамайды – 0.

Нәтижелерді таңдау: әр «а» жауабына 3 ұнай беріледі, «б» жауабына 1, «в» жауабына 0 ұнай. Максимумды баға – 30 ұнай

25–30 ұнай – мектеп түркісі білу деңгейінің жоғары;

20–24 ұнай – мектеп түркісі сағытты;

15–19 ұнай – мектепке деген қозғарасы оң, бірақ мектеп оны сабақтан тыс жақтарымен көбірек қызықтырады;





Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ МЕКТЕБІ

**Тақырыбы: Баланың тапқырлығы мен эрудициясын
қалай дамытуға болады?**

Жауаптылар: Зағитова Н,
Кожабергенова А.

Ақтөбе, 2024ж

Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?

Сабактың мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.

Тапсырмалар:

- 1) Баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы ойынның маңыздылығы, оның зияткерлік қабілеттерін дамытуға әсері туралы идеяларды қалыптастыру;
- 2) Ата-аналардың балалар ойындары туралы дамытушылық іс-әрекет пен дамытушылық ойындардың түрлері, оларды қолдану әдістері туралы білімдерін кеңейту;
- 3) Балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін ойындар мен жаттығуларды өз бетінше таңдау және қолдану қабілетін қалыптастыру.

1 - слайд - Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Мен сіздерді көргеніме өте қуаныштымын!

2 - слайд «Кел, сәлемдесейік» ойыны.
Допты бір-біріне беру арқылы амандасу.

Құрметті ата-аналар, мен сіздерге әдеттен тыс тапсырма ұсынамын: отбасылық кештеріңізді еске түсіріп, оларға өзіңізбаға беріңіз. Егер сіз айтылғандай орындасаңыз қызыл түсті, үнемі емес – сары, ешқашан болса – көк түсті жапсырма қойыңыз.

- Күнде кешке мен балалармен ойнауға уақыт бөлемін.
- Мен бала кездегі ойындарымды айтамын.
- Ойыншық сынса, оны баламмен бірге жөндеймін.
- Балаға ойыншық сатып әперіп, ойнаудың әртүрлі нұсқаларын көрсетемін, қалай ойнау керектігін түсіндіремін.
- Баланың балабақшадағы ойындары мен ойыншықтар туралы әңгімесін тыңдаймын.
- Мен баланы ойынмен, ойыншықпен жазаламаймын, яғни оны ойынынан немесе ойыншықтан біраз уақыт айырмаймын.
- Балаға жиі ойын, ойыншық сыйлаймын.

Егер сіздің үстеліңізде қызыл жапсырмалар көбірек болса, сіздің үйіңізде ойын әрқашан бар. Балаңызбен теңдей ойнаңыз. Өйткені ойын – бала өміріндегі ең қызық нәрсе.

3 слайд. Құрметті ата-аналар, мен сіздерге «Мен саған ойын сыйлаймын» ойынын отбасылық және біздің топтың дәстүріне айналдыруды ұсынамын. .

Аптасына бір рет, демалыс күні ата-аналар, балаға жаңа ойын «сыйлаңыздар», оны жай ғана сатып алмай, оны баламен бірге жасаңыз, бірақ ойынды түсіндіріп, баламен ойнауды ұмытпаңыз. Әр дүйсенбіде балалар мектепке үйде жасалған ойындарды «әкеледі». Балалар күні бойы оларды сыныптастарына таныстырады. Ең қызықты ойындар үшін сыйлықтар беріледі.

4– слайд. «Тек көңілді сөздер».

Бұл ойынды шеңберде ойнаған дұрыс. Ойыншылардың бірі тақырыпты айқындайды. Көмекпен тек көңілді сөздерді атау керек. Мысалы, бірінші ойыншы: «Клоун» десе, екіншісі «Қуаныш», үшінші: «Күлкі», т.б. деу керек. Ойын шеңбер бойымен сөздер біткісіне ойналады.

Тақырыпты өлгертуге және тек жасал сөздерді айтпауға болады (мысалы, киір, шырша, қарындас және т.б.), тек дөңгелек сөздер (сағат, бауырсақ, дөңгелек және т.б.).

Эрудиция мен тапқырлықты дамытудағы ең бастысы – балалармен бірге қызықты отбасылық зияткерлік ойындарды ойнауды үйрену! Сіздер ең тапқыр, зейінді, жинақы және ұшқыр ата-аналарсыздар! Қатысқандарыңызға көп рахмет!

Эрудиция мен тапқырлықты дамыту бойынша алған дағдыларыңызды жақын арада өз балаңызға қолданыңыз. Нәтижені талдаңыз.

Мәлімет

24.01.2024 ж. Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж» кешенінде ата-аналарды педагогикалық мектебінің жоспары бойынша «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?» тақырыбында сабақ өткізілді. Барлығы 17 ата-ана қатысты. Сабақ кезінде ата-аналарға сұрақтар, сауалнамалар, қызықты ойындар, бейнероликтер көрсетілді. Балаларға үй жағдайында ойналынатын ойын түрлерімен таныстырылды. «Көңілді сөздер» тақырыбында эрудиция мен тапқырлыққа арналған ата-аналармен ойын түрлерін ойнадық. Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, мәре-сәре болып тарқасты.

Жауаптылар: Кожабергенова А,
Зағитова Н.

Ақтөбе, 2024ж



Актюбинский областной специальный комплекс «школа-интернат-колледж»

**Как преодолеть зависимость детей от компьютера
в рамках «Центра педагогической поддержки родителей»**

Ответственные воспитатели:

Айтуганова К. , Балжанова А.

Актобе 2024

Здравствуйте, уважаемые родители! Добро пожаловать на заседание в рамках «Центра педагогической поддержки родителей» на тему: «Как преодолеть зависимость детей от компьютера»

Давайте поделимся на 2 команды: онлайн и оффлайн.

Тренинг «Знакомство». Родители знакомятся друг с другом, называя свое имя, следующий человек называет свое имя и имя соседа. Например: Ольга. Ольга, Самал. Ольга, Самал, Жазира.

Теперь давайте встанем в круг и достанем бумажки из мешочка.

Родители достают бумажки и передают их по кругу положением рук «себе-соседу». Необходимо ответить на вопрос или выполнить задание. Например: Любимое блюдо вашего ребенка. Спойте отрывок вашей любимой детской песни.

Какие плюсы и минусы интернета вы можете выделить?

+ Плюсы	- Минусы
Источник разнообразной информации	Много информации, причиняющей вред психике и здоровью ребенка
Полезное времяпрепровождение	Зависимость
Возможность совершать покупки и оплачивать счета	Кибермошенники, опасные незнакомцы
Общение с друзьями и знакомыми	Кибербуллинг

Компьютерная зависимость – это навязчивая потребность в использовании гаджета.

Сам термин **компьютерная зависимость** появился в 1990 г., когда развитие цифровых технологий набрало бешеный темп. Психологи называют компьютерную зависимость *разновидностью эмоциональной зависимости*, очень похожей на алкогольную и наркозависимость. Она провоцирует ребенка погрузиться в свой вымышленный мир, поверить в собственную легенду о себе и настолько сжиться с ней, что становится практически невозможно нормально существовать в реальном мире. Можно сказать, что это заболевание приводит к раздвоению личности.

Причины компьютерной зависимости:

- Потребность в самореализации
- Семейные проблемы
- Низкая самооценка
- Отсутствие друзей
- Поведение родителей

Вопрос для команды онлайн:

Какой вред здоровью причиняют компьютерные игры?

Вред компьютерных игр здоровью ребенка:

- Нарушается режим сна, появляются бессонница, беспокойство, эмоциональная и умственная усталость, слабость и чувство бессилия.
- Становится раздражительным
- Повреждаются клетки мозга
- Ухудшается зрение
- Сознание отравляется, возникают серьезные интеллектуальные нарушения.

Вопрос для команды оффлайн:

Назовите особенности характера и поведения детей с компьютерной зависимостью.

Признаки игровой зависимости у ребенка:

- Ребенок берет в долг у друзей, просит у родителей и начинает воровать.
- Жизнь без игр становится скучна.
- Социальные мероприятия не интересны, ограничивается общением с друзьями.
- Становится раздражительным.
- Сознание отравляется, возникают серьезные интеллектуальные нарушения.
- Повреждаются клетки мозга.
- Ребенок постоянно лжет, убегает из дома.
- Скрывает и отрицает свое участие в азартных играх, не признает, что пристрастился к ним.

Демонстрация видеоролика на тему интернет-зависимости.

Тренинг «Пирамида»

Методика «Гугл».

Раздаются вопросы для 2 команд по теме заседания. Например: Сталкивались ли вы с интернет зависимостью?

Рекомендации:

- Не рекомендуется обучать компьютеру детей в возрасте от 4 до 6 лет.
- Ребенок должен заниматься на компьютере 2 раза в неделю по достижении 7-летнего возраста.
- учащиеся 1-4 классов должны сидеть 15-20 минут в сутки, 5-8 классов - 20-25 минут в сутки, 9-11 классов - не более 30 минут.
- На расстоянии 70 см от детского монитора должно быть хорошее освещение.
- В спальню ребенка не стоит устанавливать компьютер, телевизор. Не делайте компьютер самым важным инструментом используя его как средство развлечения ребенка.
- При работе с компьютером используйте регулируемое кресло или стул.
- Если возникает ситуация, когда компьютер просиживает более 2 часов, используйте специальные очки
- Ограничьте доступ ребенка к компьютеру до выполнения домашнего задания

Что нужно делать для предотвращения компьютерной зависимости?

- Для профилактики зависимости от компьютерных игр необходимо больше общаться с ребенком и выявлять его интересы, способности, развивать навыки (кружок, секция)
 - Включите ребенка в домашние обязанности с раннего возраста.
 - Проводите больше времени с ребенком (путешествия, выставки, музеи, кино, театр).
 - Научите его использовать компьютер в познавательных и образовательных целях.
 - Ограничьте доступ к компьютерным играм без разрешения родителей.
 - Не забывайте поощрять любые достижения ребенка. (учеба, спорт, творчество)
- Спасибо за внимание.

Справка

15.02.24 в Актюбинском областном специальном комплексе «школа-интернат-колледж» воспитатели Айтуганова К. и Балжанова А. провели заседание в рамках «Центра педагогической поддержки родителей» на тему: «Как преодолеть зависимость детей от компьютера». Присутствовало 12 человек. Во время педагогической поддержки были рассмотрены плюсы и минусы интернета, причины, вред и польза компьютерной зависимости. Родители делились мнением, опытом, случаями, связанными компьютерной зависимостью. Также были определены признаки детей, в их поведении, эмоциональном, психическом и физическом состоянии при данной зависимости. Были предложены пути предотвращения зависимости от компьютера и организации совместного досуга. Смотрели и обсуждали видеоролик о игровой зависимости детей. Были проведены тренинги «Знакомство», «Пирамида», методика «Гугл», что позволило разнообразить данное заседание. Родители остались под хорошим впечатлением, что подтверждается положительными отзывами.



Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ МЕКТЕБІ

Тақырыбы: «Сенім арту жетістік кепілі».

Баланы қиын жағдайда қалай қолдау керек?

Жауаптылар: Кәдеш Ә,
Тлеу М.

Ақтөбе, 2024ж

Тақырыбы: «Сенім арту жетістік кепілі». Баланы қиын жағдайды қалай қолдау керек?

Мақсаты: Ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру.

Қатысушылар: бастауыш буын ата-аналары.

Өткізгендер: Тлеу М, Кәдеш Ә, Нурушева С

Әдіс-тәсілі: пікірлесу, сұрақ-жауап, сауалнама, тренинг.

Жоспар:

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу: «Амандасып алайық» слайд.
2. Шаттық шеңбері (жылы сөз).
3. Баяндама: «Сенім арту жетістік кепілі»
4. Ситуациялық сұрақ (wardwall сайты).
5. Ата-аналарға арналған сауалнама.
6. Балалар мен ата-ана арасында ойын.
7. Сергіту сәті (Мені қайтала).
8. Ақпараттың екі бөлігі (тренингоыны).
9. Қорытындылау (майшам арқылы тілек білдіру). тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту. Ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру.

Жиналыс барысы.

- Сәлеметсіздер ме құрметті ата – аналар? Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз!

Шаттық шеңбері. Ата-аналар шаттық шеңберін құрып, өзінің есімінің бірінші әрпінен басталатын сын есім айту. Мысалы, Мәдина-мейірімді т.б.

Жиналысымызды сенім туралы жазушы І.Есенберлиннің қанатты сөздерімен бастасақ: «Сенім! Бұл бір ұлы күш! Әсіресе, жаны таза адамға өзгенің көрсеткен сенімі бойына қайрат, қиялына қанат береді. Сол сенімді ақтаймын деп қандай қиындық болса да қарсы тұра алады, ақтап шығуға жанын аямайды» деген сөзі өмірдің өзегі де, негізі де шын мәнінде сенімнен тұратынын аңғартады. «Сенім-құдыретті күш! Дәрігердің емдік іс-әрекетіне толық сенсең ауруыңнан толық жазыласың; ертеңгі мақсатыңа сенсең, қандай қиындық болса да, әрекеттеніп, мақсатыңа жетесің»

Баяндама: «Сенім арту жетістік кепілі»

Бүгінгі біздің мақсатымыз – балаңыздың психологиялық жағдайын, оның ішінде қиын жағдайға тап болған кездегі жағдайын көруді үйрену. Сондай-ақ, оның күшті тұстарына сүйене отырып, қиындықтарды жеңуді үйренуге көмектесу. Балалар – адамның ең қорғалмаған, әлжуаз келетін санаты. Бастауыш мектеп жасындағы жүрегі жараланған балалардың жеке мазасыздығы жоғары. Осы кезеңде баланың өмірлік қиын жағдайды бастан кешіруге көмектесетін тұрақты мінезі әлі қалыптаспаған, сондықтан ол олқылық жасауы мүмкін, белгісіздіктен қорқыныш сезінуі, шындықпен жалғанды ажырата алмауы мүмкін. Бастауыш сыныптардағы мектепке бейімделу үдерісі бала үшін көптеген қиын жағдайлардың негізі болып табылады. Бұл баланың мектептегі әлеуметтік жағдайды, өзінің жаңа мәртебесін (мектеп оқушысы) және өзара әрекеттесудің жаңа жүйелерін («бала – мұғалім», «бала – құрдасы») қабылдау және игеру үдерісі.

Енді осы тақырыпқа байланысты ситуациялық сұраққа кезек берейік. Wardwall сайты арқылы жасалған сұраққа жауап беру.

1. Балаңыздың өнері, немесе қандай да бір іске қызығушылығы байқалса, не істер едіңіз?
2. Балаңыз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз шамалы шыдай тұр, уақытында алып берем дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тарс жауып кетті. Сіздің әрекетіңіз?
3. Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Енді мектепке барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?

Енді ата-аналар сіздерге арналған сауалнамалар бар. Жауап берулеріңіз сұралады.

Тест
«Сіз қандай ата-анасыз?»

1. Кез келген істі тастай салып баламен айналысасыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателіктеріңізді мойындайсыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін кешірім сұрайсыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
5. Балаңыз жасаған ісі ашуландырған кезде өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
- Біт сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
7. Өзіңіздің балаңыздан өткен балалық шағыңыздан өткен ескерілетін жағдайды айтасыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
8. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін
9. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
 - Әрқашан жасаймын, келісемін
 - Кейде ғана келісемін
 - Келіспеймін

10. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай, бір күн еркіндік бересіз бе?

- Әрқашан жасаймын, келісемін
- Кейде ғана келісемін
- Келіспеймін

11. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекідік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көңіл аудармайсыз ба?

- Әрқашан жасаймын, келісемін
- Кейде ғана келісемін
- Келіспеймін

12. Балаңыздың көзжасы, дөрекіеркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

- Әрқашан жасаймын, келісемін
- Кейде ғана келісемін
- Келіспеймін

Келесі кезек, балалармен ата-ана арасындағы ойын. Яғни, ойынның мақсаты: ананың баланы қаншалықты танытынын білу, ішкі түйсікке сүйену. Ойын аналардың көздерін байлап, балаларының қолдарын ғана ұстап, сезіп өз баласын табу.

Сергіту сәті. Мені қайтала(би). Ата-аналар бірінен кейін бірі кезекпен тұрып, көрсеткен қимылды қайталау керек.

Тренинг. Ақ парақтың екі бөлігі. Алдарыңыздағы қағазды екі бөлікке бөліп, оң жақ бұрышына «+» белгісін, сол жақ бұрышына «-» белгісін белгілеңіздер. Енді «+» белгісі бар бөлікке байланысты жағымды, жылы, сенімді ойларыңызды жазыңыздар. Ал «-» белгісі бар бөлікке сенімсіз, жағымсыз ойларыңызды жазыңыздар. Осы екі жақты оқып шығамыз.

-Енді осы теріс жағдайлардан арылғымыз келе ме? Не үшін?

-Онда теріс жақтағы жағымсыз ойды умаждап, қоқыс шелекке тастаңыздар.

Қорытындылау. Баяндама.

Баланың эмоциясын айқындауды үйрену жеткіліксіз, баланы қиын сәтте қолдай білу және оны еңсеруге көмектесу маңызды. Баламен қарым-қатынас жасаудың бірнеше ережелерін бірге пысықтайық: 1. Біз балаға ұрыспаймыз – тек әрекетті және оның салдарын талқылаймыз, оның себебін анықтаймыз. 2. Кез-келген тыйым салу кезінде – оның себебін және ықтимал салдарын түсіндіреміз. 3. Біз қалаусыз әрекеттерді қолайлы әрекеттермен ауыстырамыз, балама нұсқаларды ұсынамыз. 4. Біз балаға белсенді әрекет етуге, әлемді білуге және өз тәжірибесін жинау үшін қателіктер жіберуге мүмкіндік береміз. 5. Балаға деген немқұрайлылық, дөрекілік, құрметтемеушілік оның айқын немесе жасырын наразылығын тудыратынын түсінеміз. 6. Өз балаңыздың даралығын қабылдаңыз. 7. Біз оны белсенді тыңдаймыз, жанашырлық танытамыз, уайымына ортақ боламыз. 8. Біз оның қасында мүмкіндігінше жиі боламыз, бірге сабақ оқимыз, кітап оқимыз, ойнаймыз, бір-бірімізге хаттар мен жазбалар жазамыз. 9. Көмек сұраған кезде көмектесеміз. 10. Біз жетістіктерін қолдаймыз және атап өтеміз. 11. Біз баламен байланыста боламыз және баланың өз мәселелері туралы ашық айтуы, сезімдерімен бөлісуі үшін сенімді қарым-қатынас жасаймыз. Ата-ананың қолдауы баланың бақытты, сенімді және табысты болып өсуі үшін берік негіз болады. Ол баланың ішкі тірегін қалыптастырады. Осының арқасында қиын жағдайларда адам өзін-өзі қолдай алады, таңдау жасай алады, шешім таба алады. Бала қателесуге құқығы бар екенін түсінеді және қандай жағдай болмасын, жақындары оны қолдайтынын біледі. Өзі де алдағы уақытта қолдаушы ата-ана болады, өйткені ол оны көріп өседі және қалай жасау керектігін біледі.

Біздің жиналысымыз аяқталуға жақын. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту, достыққа, сыйластыққа баулу мақсатынды майшам арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіру. Ал қазір мен барлығымыз бірігіп жұмыс жасағанымыз үшін майшамды беріп отырамыз. Қоштасуға майшамды алған себебім, жылулықпен бір-бірімізге жақсы сөз айту арқылы өміріміз бақытқа бөленеді, сондықтанда алдарыңыз ашық жарқын болсын деп тілейміз.

Бүгінгі бас қосуымыз аяқталып келеді. Балаларымыз аман болсын. Еліміздің үлгілі азамат пен азаматшасы болсын! Келіп, көріп, қатынасқандарыңыз үшін көп-көп рахмет.

Мәлімет

13.03.24. Ақтөбе облыстық арнайы "мектеп-интернат-колледж" кешенінің бастауыш буын бірлестігі үшін "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" бағдарламасы бойынша Ә.Кәдеш және М.Тлеу ата-аналармен "Сенім арту жетістік кепілі" тақырыбында кездесу өткізді. Қатысқандар ата-аналар саны: 12 Кездесу барысында балаларды ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыруға ақпарат беріліп, көңілді орта қалыптастыру мен сенімділік орнату мақсатында тренинг, ойындар орнатылды. Ата-аналарға "Сіз қандай ата-анасыз?" тақырыбында сауалнамалар жүргізілді. Жиналыс барысында "Wardwall" сайтымен ситуациялық сұрақтарға жауап берілді. Ата-аналар арасында баласын қаншалықты танытындығын білу мақсатында, көзін байлап өз баласын түйсікпен тану арқылы ойын өткізілді. Ойын барысында жақсы әсер алды. "Менімен қайтала" сергіту сәтінен ата-аналар қимыл қайталау арқылы көңіл көтерді. Жиналыс соңында ата-аналар бір-біріне майшамның көмегімен жылы лебіз білдірді.

Жауапты: Кәдеш А.
Тлеу М.



Ақтөбе облыстық арнайы “мектеп-интернат-колледж” кешені КММ

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының
талдауы**

(Бастауыш буын әдістемелік бірлестігі)

2023-2024 оқу жылы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының талдауы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалар әл-ауқатының теориялық негіздеріне сүйенеді, олардың жас ерекшеліктерін ескереді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Орталықта ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас жасауды, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренеді, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің туындамауына көмектеседі.

Оқу жылының басында Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешенінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Арнайы жоспар құрылып, сол жоспарға сәйкес ай сайын жауапты тәрбиешілер өткізіп отырды.

Қазан айында «Отбасы – бақыт бесігі» атты тақырыбымен Г.Шағатаева мен Ш.Тулешова 4 ата-ананың және тәрбиешілердің қатысуымен алғашқы орталығымыз «Matrix» орталығында кездесу өткізді. Алдымен, таныстық жүргізіп, психологиялық тренингер өткізілді. Тақырыпқа сай баяндамалар оқылып, сұрақ-жауаптар алынды. Ата-ананың балаға қарым-қатынасы, балаға қалай тәрбие беретіндігі жөнінде талқыланды. Үй жағдайында қолданылатын нұсқаулықтар мен көретін нәтижелермен бөлісті.

Қараша айында «Білімдіге дүние жарық» тақырыбында көру және есту қабілеті бұзылған балалардың ата-аналарымен бірге А.Жетибаева, М.Тажибаева 17 ата-ананың қатысуымен қолдау өткізді. Мақсаты: баланы мектепке бейімделуінің маңызын түсіндіру. Кездесу барысында пікір алмасып, сауалнамалар жүргізді.

Желтоқсан айында Ж.Боранбаева «Әрбір бала жарық жұлдыз» тақырыбында 15 ата-ананың қатысуымен баланың мінез-құлқы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бейнематериалдар арқылы темпераменттің түрлерін таныстырып. Мысалдармен жеткізді. Ата-аналар риза болып, көңілденіп жақсы әсер алды.

Қаңтар айында А.Кожабергенова мен Н.Зағитова «Баланың эрудициясымен тапқырлығын қалай дамытуға болады?» тақырыбында 18 ата-ананың қатысуымен қолдау өткізді. Балаларға үй жағдайында отбасымен ойнай алатын қызықты ойын түрлерімен таныстырып, бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар барлық ата-аналарға қызықты, әрі түсінікті болу үшін, бірлесіп ойындар өткізу ұсынылды.

Ақпан айында А.Балжанова мен К.Айтуганова «Балалардың компьютерлік тәуелділігін қалай жеңуге болады?» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізді. Қатысқан ата-ана саны -5. Кездесу барысында компьютерлік тәуелділіктен сақтау шаралары бойынша ақпарат беріліп, көңілді орта қалыптастыру мен сенімділік орнату мақсатында тренинг, ойындар өткізілді. Ата-аналар өздерінің ойларымен бөлісті.

Наурыз айында Ә.Кәдеш пен М.Тлеу «Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?» тақырыбында 10 ата-ананың қатысуымен кездесу өткізді. Ата-аналарға әртүрлі жағдайда балаларға көмек көрсетуге дайындығы талқылатып, сенім арту мақсатында сауалнама, сұрақ-жауаптар алынды.

Сәуір айында «Балаға үлгі көрсету» тақырыбында К.Утеулиева мен Ж.Балмухамбетова ата-аналармен кездесу ұйымдастырды. Кездесуде мектеп психологтары тренингтар өткізді. Ата-аналарға кеңестерін берді.

Мамыр айында «Тәлім менен өрілген біздің дәстүр» атты қорытынды ата-аналар қолдауы кездесуі өтті. Қатысқандар саны-8. Өткізгендер: А.Дауринбаева, А.Молдагереева, Ж.Мукашева отбасылық дәстүрлер туралы түсіндіріп, отбасының бірлігін нығайту үшін бірлесіп көмек беруді негізге алды.

Жыл бойы жоспар бойынша ата-аналармен көптеген нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар тәрбиешімен өзара әрекеттесу және мектеп өміріне қатысу арқылы өз баласымен де, мектеп ұжымымен де ынтымақтастықта тәжірибе жинақтады. Ата-аналар қауымымен өзара әрекеттесу жұмыстарын саралай келе, бала тәрбиесіне тек мұғалім емес, ата-ана да жауапты. Ата-ана мен ұстаз біріге отырып, баланың білім сапасын арттырып, жан-жақты дамыған тұлға етіп өсіп шығуына ықпал ете аламыз.